

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2021 жылғы 26 қарашадағы
№ ДС-335 хатқа

Құрметті депутаттар!

Этникалық қазақтарды білім беру ұйымдарында оқытуға қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қандастар үшін қабылдау емтихандарының форматына қатысты

Заңнамаға сәйкес білім беру гранттары Ұлттық бірыңғай тестілеудің (бұдан әрі – ҰБТ) нәтижелеріне сәйкес білім беру бағдарламаларының нақты топтары бойынша конкурстық негізде беріледі.

Бүгінгі күні қандастар үшін мемлекеттік білім беру тапсырысының жалпы көлемінің 4%-ы (2265 грант) мөлшерінде жоғары оқу орындарына түсу үшін қабылдау квотасы көзделген. Осы квота шеңберінде 2012 жылдан бастап 2021 жылға дейін 8000-нан астам қандас қабылданды.

2020 жылдан бастап жоғары білімге қолжетімділікті кеңейту мақсатында қандастар үшін ҰБТ алғаш рет электрондық форматта ұйымдастырылды, ол тестілеуді қашықтан шетелде тапсыруға мүмкіндік берді.

Ағымдағы жылы онлайн-тестілеуге 1143 қандас қатысты, 796 қандас немесе ҰБТ-ға қатысушылардың жалпы санының 69%-ы білім грантын алды, өткен жылы бұл көрсеткіш 76% деңгейінде болды (2021 жылы конкурса 70 мыңнан астам талапкер қатысты, конкурса қатысушылардың жалпы санының шамамен 65%-ы гранттармен қамтамасыз етілді).

2020 жылдан бастап SAT, ACT және IB халықаралық стандартталған тестілерінің балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шәкілі енгізілді. Аталған сертификаттары бар адамдар ҰБТ тапсырудан босатылады. Тиісінше, стандартталған тест сертификаттары болған жағдайда қандастар ЖОО-ға ҰБТ-сыз түсуге мүмкіндігі бар.

2020 жылдан бастап диаспора өкілдері ҰБТ тапсырмай дайындық бөлімдеріне ЖОО-ға дайындық бөлімдеріне қабылдаудың бекітілген қағидаларына сәйкес әңгімелесу нәтижелері бойынша қабылданады¹.

Жыл сайын жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне мемлекеттік стипендиямен және жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ете отырып, Қытай, Өзбекстан, Моңғолия, Ресей, Тәжікстан және Түркіменстаннан 1000-нан астам қандас қабылданады.

Дайындық бөлімінің бағдарламасы бойынша қандастар қазақ тілін, жалпы білім беру пәндерін оқиды, ҰБТ-ға толыққанды дайындық курсынан өтеді.

Магистратура мен докторантураға квотаға қатысты

2019 жылы Орталық Азия елдерінің шетелдік азаматтарына, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға арналған стипендиялық бағдарлама іске қосылды.

Стипендиялық бағдарлама бойынша қандастар тек бакалавриатқа ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына да әңгімелесу нәтижелері бойынша түсетігін атап өткен жөн.

2021 жылы стипендиялық бағдарлама бойынша 132 қандас қабылданды, оның ішінде бакалавриатқа – 100, магистратураға – 22, докторантураға – 10.

Сондай-ақ, үш жыл ішінде академиялық ұтқырлық аясында Франция, Литва, Ресей Федерациясы, Қырғызстаннан 33 қандас қабылданды.

Үкіметтік келісімдер шеңберінде қандастарды тарту туралы

Қазақстан тарапы 13 елмен үкіметтік келісімдер жасады. Үкіметтік келісімдер аясында Ауғанстан, ҚХР, Моңғолия, Тәжікстан азаматтары үшін дайындық бөлімдерінде қандастарды оқыту қарастырылған.

Бұдан басқа, 2021 жылы үкіметтік келісім шеңберінде алғаш рет Қазақстан тарапы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік ғылымдар», «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Педагогикалық ғылымдар», «Өнер және гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыттары бойынша бакалавриат және магистратура бағдарламаларына 2022 жылдан бастап Қырғыз Республикасының азаматтары болып табылатын ұлты қазақ адамдар үшін 20 білім грантын бөлу жөнінде шаралар қабылдады.

Шетелде қандастарды оқытуға қатысты

«Абай институты» (www.abai.institute) диаспора өкілдерін оқыту және қазақ тілін Қазақстанда және шетелде ілгерілету үшін әзірленген. Екі жыл ішінде жеті мемлекеттің 160-тан астам өкілі онлайн-режимде білім алды.

2020 жылы «Отандастар» қоры әлемнің 30 еліндегі диаспора өкілдеріне мемлекеттік тілді онлайн оқытуды ұйымдастырды. Оқудан 1100 адам өтті. Бүгінгі күні курстарда 780 адам оқиды.

¹ «Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 554 бұйрығы

Сонымен қатар, «YouTube» бейнехостингiне 30-дан астам онлайн сабақ жүктелдi, speaking club ұйымдастырылып 336 сертификат берiлдi.

2022 жылы Қазақстанның шет елдердегi мекемелерiнiң жанынан 8 елдiң (Омбы (Ресей), Орынбор (Ресей), Лондон (Ұлыбритания), Горган (Иран), Стамбул (Түркия), Анкара (Түркия), Берлин (Германия), Париж (Франция), Ұлан-Батыр (Моңғолия), Нью-Йорк (АҚШ)) 10 қаласында қазақ тiлiн офлайн режимде оқыту курстарын ашу жоспарлануда.

Менiң тапсырмам бойынша 2020 жылғы 27 ақпанда шетелдегi қазақ диаспорасы үшiн қазақ тiлiн оқыту жөнiндегi әмбебап басылым әзiрлендi. Бүгiнгi таңда А1, А2 деңгейлерi бойынша басылымның контентi қазақ, орыс, түрiк, ағылшын тiлдерiнде әзiрлендi және Абай институтының онлайн - платформасында орналастырылған.

Абай институты 2021 жылы онлайн режимiнде қазақ тiлi оқытушыларының бiлiктiлiгiн арттыру курстарын ұйымдастырды, оған 238 адам қатысты, оның iшiнде Өзбекстаннан – 122 адам, Монғолиядан – 50 адам, Ресейден – 42 адам, Германиядан – 8 адам, Түркиядан – 4 адам, Ираннан – 3 адам, Мажарстаннан – 2 адам, Ұлыбританиядан – 2 адам, Бельгиядан – 2 адам, Франциядан – 2 адам, Польшадан – 1 адам.

Сондай-ақ, жоғары және жоғары оқу орнынан кейiнгi бiлiм беру ұйымдары шетел университеттерi базасында қазақ тiлiн оқыту орталықтарын, кафедраларын ашу бойынша жұмыс жүргiзуде.

Сонымен, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетi Беларусь ұлттық техникалық университетiнде Абай атындағы Қазақ тiлi, тарихы және мәдениетi орталығын, Алламе Табатабаи университетiнде (Иран), Қытайдың оңтүстiк-батыс университетiнде, Nigde Omer Halisdemir университетiнде (Түркия), Ферғана мемлекеттiк университетiнде (Өзбекстан) ұйымдастырылған «The Iran-Kazakhstan Academic and Cultural Center» мәдени-бiлiм беру орталығын ашты.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетi келесi серiктес жоғары оқу орындарында қазақ тiлi Қазан федералдық университетiнде, адам Митцкевич атындағы поляк университетiнде, Низами атындағы университетте, Нүкiс мемлекеттiк педагогикалық университетiнде, Әзiрбайжан мемлекеттiк университетiнде, Манас атындағы Қырғыз-түрiк университетiнде оқытылады.

Бейжiң шет тiлдер университетi жанындағы Қазақстан орталығында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетiнде қазақ тiлiн оқыту бойынша оқулықтар, сөздiктер, оқу құралдарын құрастыру бойынша бiрлескен жұмыс жүргiзуде. Сондай-ақ, Шанхай шет тiлдер университетiнде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақ тiлi мен әдебиетi кафедрасы жұмыс iстейдi.

Достоевский атындағы Омбы мемлекеттiк университетiнде Торайғыров университетiнiң қаражаты есебiнен Қазақ тiлi мен мәдениетi орталығы жабдықталып, қазақ тiлiндегi ғылыми-әдiстемелiк және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етiлдi.

Қандастарды әдiстемелiк қолдау туралы

Менiң тапсырмама сәйкес бiлiм беру ұйымдарына және отандас балаларға 2020 жылы «Даналық әлiппесi» оқу құралының 980 данасы жiберiлдi.

2003 жылдан бастап «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында жыл сайын жақын және алыс шетелдердегі, соның ішінде Моңғолиядан, Қытайдан, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан, Ресейден, Ұлыбританиядан, Германиядан, Мажарстаннан, Франциядан, Швециядан келген қазақ диаспорасы өкілдерінің балалары ауысымға қабылданады. Аталған орталыққа келген балалар қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттейді.

2004 жылдан бастап шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерінің балалары қазақ тілі мен әдебиетінен жыл сайынғы «Қазақстан - ата жұт, қасиетті ана тілі» халықаралық олимпиадасына қатысады. 2020, 2021 жылы ол қашықтық форматта өткізілді.

Олимпиада Қазақ тілі мен әдебиетін терең меңгерген дарынды балаларды анықтауды, олардың қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ халқының тарихы, мәдениеті мен өнері бойынша танымдық қабілеттерін арттыруды, әлемнің түрлі елдерінде тұратын қазақ жастары арасында достық байланыстар орнатуды көздейді, сондай-ақ қазақ диаспорасы өкілдері арасында қазақ тілін меңгерудің маңыздылығын арттыруға бағытталған. 2021 жылғы XVIII Олимпиадаға әлемнің әртүрлі елдерінен 261 үміткер қатысты.

Бұдан басқа, мүдделі мемлекеттік органдарға шетелде тұратын қандастармен ақпараттық жұмысты күшейту, 2022 жылдан бастап «Qazaq TV» телеарнасында қазақ тілін оқытатын бағдарлама ашу мәселесін пысықтау, Өзбекстан мен Моңғолияда қандастарға әдістемелік қолдау көрсету тапсырылды.

Аталған бағыттардағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

Е. Тоғжанов